

ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш беру рәсімі

- 1) сайтқа кіру: <https://app.testcenter.kz/> және интерфейс тілін таңдау;
- 2) өзіңіздің электрондық поштаңызды көрсете отырып тіркеуден өту (электрондық поштаға алынған хатта міндетті түрде электрондық поштаны растау қажет);
- 3) алынған логин мен парольмен авторлану (логин мен пароль бар хатты 2022 жылдың соңына дейін жоюға болмайды);
- 4) ЖСН көрсету және іздеу батырмасын басу (тегі, аты және әкесінің аты автоматты түрде шығарылады) және байланыс телефонының нөмірін көрсету (міндетті түрде);
- 5) «Өтініш беру» қосымша бетін таңдап, қатысушы санатын көрсету;
- 6) қажетті тіркеу деректерін толтыру және: - тапсыру тілін; - бейіндік пәндер комбинациясын; - тестілеу күнін, уақытын және орнын таңдау және ережелермен мұқият танысу;
- 7) тестілеу үшін қалаған төлем әдісін таңдау және төлем жасау;
- 8) «Менің тарихым» қосымша бетінде төлегеннен кейін, қажет болған жағдайда өтінішті (тапсыру тілін, бейіндік пәндер комбинациясын) редакциялау ұсынылады.

МАҢЫЗДЫ: өтініш бергеннен кейін, тестілеу уақыты мен орны редакцияланбайды.

Өтініш тіркелгеннен кейін тестілеуді өткізу орны мен уақыты туралы ақпарат тестіленушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады. Тестілеу туралы ақпаратпен танысу үшін тестіленушінің өзі жауапты болады. Тестілеуге дәлелді себепсіз келмеген жағдайда, осы кезеңде қайта өтініш беру мүмкін емес.

ҰБТ-ға жіберу рәсімі

ҰБТ-ға жіберу көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы оқуға түсушінің жеке басын сәйкестендіру және тестіленушінің сыртқы келбетін жеке басын куәландыратын құжатпен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаты жоқ тұлғалар білім беру ұйымынан бірінші басшының қолымен және мөрімен куәландырылған анықтаманы және туу туралы куәлікті ұсынуы қажет.

Шетелде білім беру ұйымдарын бітірген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдардың өзімен бірге паспорты болуы қажет.